



KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY

Өнер саласындағы жас ғалымдар арасында «Үздік ғылыми жарияланым» республикалық байқауы туралы

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2026 жылы «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК өз қызметінің 10 жылдық мерейтойын атап өтеді. Академияның мерейтой жылы жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, жас зерттеушілерді қолдауға және өнертану ғылымын дамытуға бағытталған маңызды шығармашылық және ғылыми бастамалармен ерекшеленбек.

Осыған орай Қазақ ұлттық хореография академиясы өнер саласындағы жас ғалымдар арасында «Үздік ғылыми жарияланым» республикалық екінші байқауына қатысуға шақырады. Байқау шығармашылық жоғары оқу орындары жас зерттеушілерінің ғылыми әлеуетін арттыруға, өнертану ғылымының дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған маңызды мүмкіндік болып табылады.

Байқауға жас ғалымдарды, магистранттар мен докторанттарды қатысуға шақырамыз.

Байқаудың **мақсаты** – өнер саласында бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін дамыту.

Байқаудың **міндеттері**:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін жағдай жасау;
2. Магистранттар мен докторанттарды білім беру бейіні бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне ынталандыру;
3. Олардың теориялық және ғылыми-практикалық даярлығын тереңдету, ғылыми білімді меңгеру және оны тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру;
4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми қызметке белсенді қатысуына жәрдемдесу;
5. Жас ғалымдардың жарияланымдық белсенділігін арттыруға қолдау көрсету.

Байқау ашық түрде, бір кезеңде өткізіледі.

Өткізу форматы – қашықтан.

Мақала тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Қатысуға өтінім жіберу мерзімі: 2026 жылдың 5 қаңтарына дейін.

Мақала жіберу мерзімі: 2026 жылдың 5 ақпанына дейін.

Байқауға бұрын жарияланбаған, автордың өзі орындаған ғылыми жұмыстар төмендегі бағыттар бойынша қабылданады:

- хореографиялық өнер тарихы;
- хореография педагогикасы;
- өнертану;
- қазіргі мәдениет;
- өнер және білім берудегі менеджмент;
- әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар.

Әрбір қатысушы байқауға бір ғана жұмыс жібере алады. Қатысуға өтінім 1-қосымшаға сәйкес электрондық нысанда otdel_nauka16@mail.ru мекенжайына жолданады.

Ұйымдастыру комитеті барлық материалдар рецензияланатынын хабарлайды. Байқау тақырыбына сәйкес келмейтін немесе талаптарға сай рәсімделмеген мақалалар қабылданбайды. Сондай-ақ белгіленген мерзімнен кейін жіберілген мақалалар қарастырылмайды.

Үздік жұмыстар I, II, III дәрежелі жүлделермен және дипломдармен марапатталады. Қазылар алқасы ұсынған мақалалар Академияның «Arts Academy» ғылыми журналында жарияланып, «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ресми сайтында (www.balletacademy.kz, «Ғылым» бөлімі) жүктеп алуға қолжетімді болады.

Қазақ ұлттық хореография академиясы

Астана қ., Ұлы дала 43/1 д.

Анықтама телефоны: 8(717) 279-08-57

E-mail: otdel_nauka16@mail.ru